

«Май ауданы білім беру бөлімі» ММ
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің
«Ақшимаң негізгі орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Павлодар облысы білім беру басқармасының,
Май ауданы білім беру бөлімінің
«Ақшимаң негізгі орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024-2025 оқу жылдырының өзін-өзі бағалау
қорытындысы**

Май ауылы, 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 23 қазандағы “2025 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын Павлодар облысының білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы” №425 негізінде және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының негізінде және «Мектептің өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы» 2025 жылғы 30 сәуірдегі №1-06/52 бұйрығы негізінде мектептің өзін-өзі бағалауы өткізілді.

Өзін-өзі бағалауды сапалы өткізу үшін комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

1. Егинбаева С.К.- мектеп директоры, комиссия төрайымы
2. Кайсина А.М. - директордың ОІЖ орынбасары, комиссия төрайымының орынбасары;
3. Темешова А.С.- директордың ТІЖ орынбасары, комиссия мүшесі
4. Алибаева Ж.А. - мектеп психологі, комиссия мүшесі
5. Абаилденова Ш.К.- әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі
6. Рустемова Д.М. - шағын орталық тәрбиешісі, комиссия мүшесі
7. Тогимова А.К.- ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» № 12 бұйрығымен бекітілген бірыңғай тәсілмен ұсынылған өзін-өзі бағалаудың бағыттары іске асырылды.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы.

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің «Ақшиман негізгі орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері): Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140800, Май ауданы, Ақшиман ауылы, Ә.Молдағұлов көшесі, 6 ғимарат.

Заңды тұлғаның байланыс деректері(телефон, электрондық поштасы, web-сайт).

Байланыс телефоны: 8(71838) 41-002, электронды пошта – akshiman@mairaiio.gov.kz, web-сайт

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы): мектеп директоры Егинбаева Салтанат Каниевна, Май ауданының білім беру бөлімінің 2015 жылдың 6 қаңтардағы № 4-03/05 ж/қ бұйрығымен тағайындалды, байланыс телефоны: 877711930166.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

Заңды тұлға мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы 2021 жылғы 5 қаңтарда берілді (алғашқы тіркеу күні 1999 жылғы 15 ақпан). Бизнес-сәйкестендіру (БСН) нөмірі 990240005448. Құрылтайшысы: «Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі «Павлодар облысы білім беру басқармасының, Май ауданы білім беру бөлімінің «Ақшиман негізгі орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Павлодар облысының қаржы басқармасының 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілді және 2021 жылғы 13 қаңтарда Ақсу қаласының ауданаралық әділет басқармасының заңды тұлғаны қайта мемлекеттік тіркеуінен өткізілді (тіркеу ісі 606-1945-14-ММ). Алғашқы тіркеу күні: 1999 жылғы 15 ақпан.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

«ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» ММ 2025 жылғы 29 сәуірдегі бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметімен айналысуға № KZ44LAM00002414 лицензиясы, оның № 001 қосымшасы және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың хабарламаны қабылдау туралы № KZ95RVK00047859 талоны негізінде білім беру қызметімен айналысады *(берілген күні: 2023 жылғы 01 наурыз)*.

Павлодар облысының әкімшілігі. Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 18022789 сериялы медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия және оған № 046 қосымшасы.

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ № 0299086. 15.08.2017жыл. Жер учаскесінің, кадастрлық номері 14-210-084-174. Жер учаскесінің көлемі – 1,534 га. ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті «Павлодар облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» РМҚК «Тіркелетін жылжымайтын мүлік объектілерінің Техникалық паспорты (Ф–2)» 20.11.2023 жылы жасалған. Кадастрлық номері: 14:210:084:174:1/А. Түгендеу номері: 1409/6582. Сериясы, жобаның түрі: А. Қабат саны: 3,подвал. құрылыс ауданы: 1610,1 ғимараттың көлемі: 16101,0 жалпы ауданы: 4131,8

Мектеп әкімшілігі туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Лауазымы, бірлік	білімі	Жалпы еңбек өтілі	Басшы ретінде еңбек өтілі	Басшы біліктілік санаты	Біліктілігін арттыру курсы (күні, орны)
1	Егинбаева Салтанат Каниевна	Мектеп директоры 1 бірлік	жоғары	31 жыл	10 жыл	жоқ	2022 жыл Өрлеу
2	Кайсина Айнур Мырзағалиевна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары 0,5 бірлік	жоғары	12 жыл	8 жыл	жоқ	2025 жыл ПШО
3	Темешова Анель Субековна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 0,5 бірлік	жоғары	13 жыл	8 жыл	жоқ	жоқ
4	Тогимова Армангуль Кенжеболатовна	Мектеп директорының ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары 0,5 бірлік	жоғары	5 жыл	2 жыл	жоқ	2025 жыл ПШО

Мектеп әкімшілігінің орындары тұрақты, біліктілігін арттыру курстарынан өткен -75%.

Мектеп туралы ақпарат

Мектептің оқу-тәрбие қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, педагог қызметкерлерінің аттестаттау ережелеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқау хаттары мен бұйрықтарына, мектептің үлгілік ережелеріне сәйкес қызмет атқарып келеді.

Мектеп МЖМБС жүзеге асыру жағдайында педагогтың педагогикалық шеберлігін жетілдіру және бала тұлғасын дамытуға бағытталған нәтижелі педагогикалық технологияларды енгізу арқылы сапалы білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Ақшимаң НОББМ шағын жинақталған мектеп қатарында қызмет атқарып жатыр. Мектепте оқыту тілі қазақша. 5 күндік оқу аптасымен бір ауысымда жұмыс істейді. Оқу процесі 8-30 басталып 14-35 аяқталады. Мектеп құрылымында мектеп жанындағы мектепке дейінгі шағын-орталық пен мектепалды сыныбы қызмет атқарады.

2025 – 2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие саласындағы мектептің мәселесі:

«Жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру-заман талабы»

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика-психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану;

Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, мектепке келу, мектептен кету талондары, оқушылардың жеке істері, есеп карточкалары, негізгі орта мектеп курсын аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары, жалпы орта мектеп курсын бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітаптары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыру талаптарының сақталуы, мектеп оқушыларының оқумен қамтылуы мәселелерін үнемі қадағалап отырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақытылы берілуі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке істері мен медициналық құжаттары бар.

Даму бағдарламасы аясындағы жұмыс барысында мектептің инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Педагогикалық ұжым инновациялық қызметті дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады, оны оқу тәжірибесіне енгізілген жаңалықтарды жүзеге асырудың, меңгерудің, иеленудің мақсатты процесі ретінде анықтайды.

Ақшимаң НОББМ өзің-өзі бағалау бойынша 2024-2025 оқу жылында атқарылған қызметтерге сандық және сапалық көрсеткіштеріне толық талдау төмендегідей анықтама беріледі.

Ақшимаң НОББМ бойынша 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі 1 шағын-орталық қызмет атқарды, оқыту тілі қазақша. Әрбір балаға жеке іс ресімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы ШО қабылдау туралы ата-ананың өтініші, ШО мен ата-аналар арасындағы шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы жинақталады. Балалардың тізіміне сәйкес барлық жеке істерді жүргізу құжаттары жасақталды. Бағыттарды тіркеу журналдары, балалардың қозғалысын тіркеу кітабы, балалар қозғалысы және топқа отырғызу бойынша бұйрықтар, өтініштерді тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі.

ШО-да тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерімен құрылған 1 топ қызмет атқарады, ондағы мектепке дейінгі оқумен және тәрбиеленумен 15 бала қамтылды. Топтардың жұмыс тәртібі мектепшілік күн тәртібі ережесінде бекітілгендей сағат 8.00-ден басталып 18.00-да аяқталады.

ШО-дағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері

Жас ерекшеліктері	2023-2024 бала саны	Топтар саны	2024-2025 бала саны	Топтар саны
Ерте жас тобы 1 жас	8	1	6	1
Кіші топ 2 жас				
Ортаңғы топ 3 жастан бастап	9		9	
Ересек топ 4 жастан бастап				
Барлығы	17	1	15	1

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сипаттасақ: Ерте жас – 3 бала, Кіші жас- 3, Ортаңғы жас- 6, Ересек жас – 3 тәрбиеленуші тәрбие алуда. Тәрбиеленушілердің саны аз болғандықтан топ құрамы әртүрлі жастағы 15 тәрбиеленуші көлемінде жасақталды.

Тәрбиеленушілерді жынысы бойынша үлестіру

Жынысы бойынша сәйкестеу	2023-2024	2024-2025
Ұлдар	8	8
Қыздар	9	7
Барлығы	17	15

Өткен жылмен салыстырғанда қыздардың сандық көрсеткіші төмендегені байқалады.

Тәрбиеленушілерді жас бойынша үлестіру

№	Жасы	Саны	Топ атауы
1	Ерте жас (1 жаста)	3	«Еркетай»
2	Кіші жас (2 жаста)	3	
3	Ортаңғы жас (3 жаста)	6	
4	Ересек жас (4 жаста)	3	

Мектепке дейінгі жасындағы ерекше білім беру қажеттілігінің талдауы

Ақшимаң НОББМ мектебінде мектепке дейінгі ШО пен мектепалды сыныбындағы (бұдан әрі қарай МАД) 1-5 жастағы тәрбиеленушілер арасында ерекше білімді қажет ететін балалар тіркелмеген.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің базалық деңгейі

Ақшимаң НОББМ жанындағы ШО пен мектепалды даярлық сыныбының оқу-әдістемелік жұмысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық құжаттарымен бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, іске асырылады.

Тәрбиелеу және оқыту үдерісі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін қамтамасыз ететін перспективтік жоспар, циклограмма арқылы жүзеге асырылды. ШО перспективтік жоспар мен циклограмма мазмұны талаптарға сай құрылған.

Тәрбиеленушілердің МЖМБС менгеру деңгейінің бастапқы, аралық және қорытынды мониторингісін жүргізу барысында тәрбиеленушілердің алғашқы жетістіктері қадағаланды. Нәтижелер «бақылау парағында» толтырылаған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы жасалған. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізу жоспарлары іске асырылған. Баланы дамытудың жеке картасында «түзету іс- шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер мен пән мамандары мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырған. ШО бағалау критериясына сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілген. Мониторинг арқылы баланың жетістіктерін бақылау, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде оқыту барысын жетілдіру, баланың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау жолдарын қарастырып іске асырғаны анықталды.

Циклограмма әр апта сайын жасалған. Балаларды қабылдаудан бастап, олардың әртүрлі іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеу, күндізгі ұйқы және балалардың үйге кетуі барлық режимдік талаптардың орындалуы қамтамасыз етілген.

МДТО және МЖМБС қамтамасыз ету мақсатында ШО перспективтік жоспары, циклограммасы, сабақ және күн тәртібінің кестелері мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілген және қамқоршылық кеңесімен келісілген.

Мектепке дейінгі педаготерінің құрамы

Оқу жылдары	Педагогтер саны		
	ШО	МАД	%
2023-2024	2	1	100
2024- 2025	2	1	100

2024-2025 оқу жылында ШО тәрбиешілерінің саны – 3.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша арнаулы орта білімі 100% .

Балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі жоғары, кәсіби деңгейін

үнемі жетілдіріп отырады, мектепке дейінгі тәрбие әдістерін жетік меңгерген. Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасауда.

Мектеп бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім беру қызметі бойынша ШО бала жоқ.

Ақшимаң НОББМ жанындағы мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді оқуға сапалы дайындау үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Балалар дауыстап қиялдай алады, дыбыстармен және сөздермен ойнай алады. Олар ауызша сөйлеуді жақсы түсінеді, өз ойын, тілектерін анық жеткізеді. Балалардың жалпы және ұсақ моторикасы дамыған. Балалар әртүрлі іс-әрекеттерде, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары мен ережелерін, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және жеке бас гигиена ережелерін жақсы меңгерген, қызығушылық танытады, жақын және алыстағы заттар мен құбылыстар туралы сұрақтар қояды, себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады, бақылауға, тәжірибе жасауға бейім.

ШО тәрбиешілерінің біліктілігін арттыру курстарынан өту

№	Тәрбиешінің аты-жөні	Курс мерзімі	тақырыбы
1	Рустемова Дана Маратовна	25.09.2023-05.10.2023	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»
2	Ахметова Насихат Канатовна	03.02.2025-07.03.2025	«Баланы ерте дамыту бағдарлары»

ШО тәрбиеленушілерінің жетістіктері

Конкурс атауы	аудандық	облыстық	Тәрбиеші
2024-2025 оқу жылы			
«Өнеріміз саған, Қазақстан»	Анатова Альбина III орын		Рустемова Д.М.
«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала»	Кайсина Улжан II орын		Рустемова Д.М. Ахметова Н.К.
«Мен зерттеушімін»	Ахметова Аруна II орын		Рустемова Д.М. Ахметова Н.К.
«Бүлдіршін» фестивалі	Анатова Альбина Кайсина Улжан Орынбай Медина Талгатова Дарина (дипломант)		Рустемова Д.М. Ахметова Н.К.
«Менің елім - менің бақытты балалық шағым»	Анатова Альбина Кайсина Улжан Орынбай Медина Талгатова Дарина Ахметова Аруна I орын		Рустемова Д.М. Ахметова Н.К.

Оқыту нәтижесіне бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына карамастан мектепке дейінгі ұйымдарда; бес жастан бастап балаларды жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы» № 726 қаулысының 1-бағыты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» міндеттері: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету, балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту.

Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс.

2024-2025 жылдарында МАД сыныптары болды.

Оқу жылдары	МАД сыныптар саны	Оқушылар саны	Оқыту тілі
2024-2025	1	5	Қазақша

Мектепалды даярлық сыныбының жас ерекшеліктері мен дайындық көрсеткіштері.

Оқу жылдары	Баланың жасы		Баланың дайындық деңгейі		Барлығы
	5 жас	6 жас	балабақшада	үйде	
2024-2025	4	1	5	0	5

Оқу жылдары	Жыл басындағы балалар саны	кеткені	келгені	Жыл соңындағы балалар саны
2024-2025	5	0	0	5

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің базалық деңгейі

Оқу жылдары	Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	Үлгілік оқу жоспары	Үлгілік оқу бағдарламалары
2024-2025	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша	ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының

мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жылдары	2024-2025 оқу жылы
Ұйымдастырылған оқу іс –әректің жалпы көлемі	20
Вариативті компоненті	-
Барлығы	20
Ұйымдастырылған оқу іс –әрекетінің ұзақтығы	25-30 мин

Мектепалды даярлық тобында 2024-2025 оқу жылында тәрбиеші Ахметова Айым Куандыковна – білімі арнаулы орта, «Павлодар инновациялық көп профильді колледжі» 2023 жылы бітіріп, «Бастауыш білім беру» мамандығы берілді. Жалпы еңбек өтілімі - 1 жыл, тәрбиеші ретінде 1 жыл, 2023 жылы 09.10-19.10 күндері «Өрлеу» БАҰО-да «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» тақырыбында 72 сағаттық біліктілігін арттыру курсынан өтті.

МАД педагогтің функцияларына үлгілік оқу жоспарына сәйкес ҰОҚ өткізу, сабақ кестесіне сәйкес перспективалық жоспар және циклограмма құрастыру, режимдік сәттерді ұйымдастырып, өткізеді. Циклограмма әр апта сайын жасалған. Балаларды қабылдаудан бастап, олардың әртүрлі іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеу, күндізгі ұйқы және балалардың үйге кетуі барлық режимдік талаптардың орындалуы қамтамасыз етілген.

Диагностика (бастапқы, аралық және қорытынды) арқылы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу нәтижелері. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің балаларды ерте дамыту институты әзірлеген әдістемелік нұсқаулығы бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету. Бақылау парағының төменгі жағында берілген ұяшықта балалар мен педагогтің Үлгілік бағдарламаның күтілетін нәтижесіне жетудің пайыздық көрсеткішін және одан төменде орналасқан жоғары, орташа, төмен ұяшықтарында балалардың біліктер мен дағдыларды игеру деңгейін автоматты түрде есептеп шығарады. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі баланың жасына сәйкес әр білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижелерден тұрады.

Оқу жылдары	Тәрбиеленушілер саны	Диагностика			МАД педагогі
		бастапқы	аралық	қорытынды	
2023-2024	6	Жоғары-4 Орташа-2 Төмен-0 100%	Жоғары-4 Орташа-2 Төмен-0 100%	Жоғары-5 Орташа-1 Төмен-0 100%	Ахметова А.К.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді. Осы әдістемелік әзірleme негізінде 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының мониторингісі жүргізілді.

Оқу жылдары	Тәрбиеленушілер саны	Мониторинг					МАД педагогі
		Физикалық қасиеттерді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Балалардың шығармашылық дағдылары, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
2024-2025	<u>бастапқы</u> 5 бала	Жоғары-1 Орташа-3 Төмен-1	Жоғары-1 Орташа-3 Төмен-1	Жоғары-1 Орташа-3 Төмен-1	Жоғары-1 Орташа-3 Төмен-1	Жоғары-1 Орташа-3 Төмен-1	Ахметова А.К.
	<u>аралық</u> 5 бала	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	
	<u>қорытынды</u> 6бала	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-0	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-0	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-0	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-0	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-0	

Мониторинг нәтижелері бойынша орташа, төмен даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізу жоспарлары іске асырылған. Баланы дамытудың жеке картасында «түзету іс-шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер мен пән мамандары мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырған.

Балалардың дарындылығын ашу

Конкурс атауы	аудандық	облыстық	Тәрбиеші
2024-2025 оқу жылы			
«Жауқазын олимпиадасы»	Токтасынова Асылым III орын		Ахметова А.К
«Бақытты отбасы» байқауы	Анатов Мансур I орын Токтасынова Асылым III орын		Ахметова А.К

Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту арқылы түрлі бағыттағы конкурстарға қатыстыру көзделген.

Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі мектепте оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Буындар арасындағы сабақтастықты нығайту мақсатында 1-сыныпты қабылдайтын пән мұғалімдері балалардан алынған мониторингтерге талдау жасайды, әр түрлі әдістерді қолдана отырып, білімін тексеруге бағытталған тапсырмалар арқылы тексереді. Мектепалды даярлық топ балаларына жаз айларында «Балақайлар мектебі» оқу курсы ұйымдастырылды. 1 сыныпқа баратын мектепке дейінгі ұйымдарда «Балақайлар мектебі» арқылы балаларды мектепке дайындау, балалардың жаңа білім беру жағдайларына табысты бейімделуін,

ойын әрекетінен оқу әрекетіне біртіндеп көшуін қамтамасыз ету. Балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық - еріктік дайындығына ықпал ететін және бірінші сынып оқушысының табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру мақсатында мектепалды даярлық топ тәрбиешісі Егинбаева М.С. сабақтарын өткізді. Курсқа 5 оқушы қатысты.

Пәндік-дамытушылық орта

Пәндік-дамытушылық ортаны жабдықтау міндеті басты міндеттердің бірі болып қала береді. Оқу кабинетінде пәндік-дамытушылық орта жеткілікті дамытушылық ойындармен, көптеген дидактикалық материалдармен жабдықталған. Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары, сюжеттік-рөлдік ойындарды өткізуге арналған ойын бұрыштары жасалды. Ата-аналарды, демеушілердің қолдауымен әр жыл сайын танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған ойындармен толықтырылып тұрады. Оқу зонасында жас ерекшеліктеріне сай парталар, орындықтар бар.

Мектепалды даярлық сыныбы өзінің қызметінде «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы басшылыққа алынды.

Қорытынды:

Мектепте мектепке дейінгі балаларды оқуға сапалы дайындау үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Балалар дауыстап қиялдай алады, дыбыстармен және сөздермен ойнай алады. Олар ауызша сөйлеуді жақсы түсінеді, өз ойын, тілектерін анық жеткізеді. Балалардың жалпы және ұсақ моторикасы дамыған. Балалар әртүрлі іс-әрекеттерде, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары мен ережелерін, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және жеке бас гигиена ережелерін жақсы меңгерген, қызығушылық танытады, жақын және алыстағы заттар мен құбылыстар туралы сұрақтар қояды, себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады, бақылауға, тәжірибе жасауға бейім.

Балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі жоғары, кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отырады, мектепке дейінгі тәрбие әдістерін жетік меңгерген. Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасауда.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұны

Мектептің жұмыс оқу жоспарлары

1-4-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 1- қосымшасына сәйкес құрастырылды.
3. ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

5-9-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 3-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365) 6-қосымшасы);
3. ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер

бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

Вариативтік компонентінің тиімділігі.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылық пен оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған математика және әдебиеттік оқу пәнін оқуға бөлінді

1-сыныпта «Математика өмірде» 1 сағат, 2-сыныпта «Ғажайып грамматика» 1 сағат, 3-сыныпта «Қызықты математика» 1 сағат, 4 сыныпта «Әдебиет әлемі» 1 сағат берілді.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінді: 5-8-сыныптарда 0,5 сағат. Сабақтар екі аптада бір рет өткізілді. 9-сыныпта аптасына 1 сағат өткізілді.

Оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақыты

2024-2025 оқу жылында ҚР ОАМ 2024 жылғы 10 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №174 бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасының 2024 жылғы 4 қазанда 11 шілдедегі «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №2-02/448 бұйрығы, Май ауданының білім беру бөлімінің 24 жылғы 15 шілдедегі №1-07/259 бұйрығы, Май ЖОББМ -нің 2024 жылғы 15 шілдедегі №1-06/106 бұйрығы негізінде оқу жылының ұзақтығы мен каникулдар мерзімі айқындалды.

2024-2025 оқу жылының оқу мерзімі:

Тоқсан	Оқу үдірісі	Каникул кезеңдері
1 тоқсан	01.09.2023-27.10.2023	7 күн. 28.10.2024-03.11.2024
2 тоқсан	06.11.2023-28.12.2023	10 күн. 30.12.2024-08.01.2025
3 тоқсан	08.01.2024-20.03.2024	11 күн. 21.03.2025-31.03.2025
4 тоқсан	01.04.2024-25.05.2025	
Қосымша каникул		10.02.2025-16.02.2025

Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді. Мереке күндеріне түскен сабақтарға бұйрық шығарылды.

Мереке күндер	Бұйрық номері, күні	Апта күні
2024 жыл 25 қазан Республика күні	Б№1-05/56-1 02.09.2024 жыл	Жұма
2024 жыл 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні	Б№1-05/56-1 02.09.2024 жыл	Дүйсенбі
2025 жыл 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні	Б№1-05/56-1 02.09.2024 жыл	Дүйсенбі 10.03
2025 жыл 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлік күні	Б№1-05/56-1 02.09.2024 жыл	Бейсенбі
2025 жыл 7 мамыр Отан қорғаушылар күні	Б№1-05/56-1 02.09.2024 жыл	Сәрсенбі
2025 жыл 9 мамыр «Жеңіс күні»	Б№1-05/56-1 02.09.2024 жыл	Жұма

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының жүргізілуі

Ақшимаң НОББМ МЖМБС талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Төтенше жадайлар жөніндегі Қазақстан Республикасының комитетімен ұсынылған ««Тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздері» бағдарламасы негізінде сабақтар өткізілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Мектеп бойынша жоспар жасалып, мектеп директорымен бекітіледі.

Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес ӨҚН-нің әр тақырыбын «Дүниетану», пәнімен байланыстыру қарастырылған, бұл білім беру курсынның оқу міндеттілігін қамтамасыз етеді. ӨҚН оқушыларға оқыту мазмұнының практикалық бағыттылығын күшейту үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімдер жеке тұлғаға бағытталған, белсенділік және құзыреттілік тәсілдерін жүзеге асырды. Сабақтарда мұғалімдер оқушылардың жеке қасиеттерін көрсетуге және дамытуға жағдай жасады, олардың мүдделерін, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескерілді. Ғылыми-жаратылыстану білімін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттерін арттыру көзделді.

1-сыныптар

№	тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау»			
1.1. Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы			
1	Қауіпсіздік	1	Қыркүйек
2	Көше кездейсоқ жағдайларға толы	2	Қазан-Желтоқсан
3	Судағы қауіпсіздік	1	Ақпан
4	Ғимараттағы қауіпсіздік	1	Наурыз
5	Практикалық сабақ	1	Мамыр
		Сағат саны	6 сағат

2-сынып

№	тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау»			
1.1. Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы			
1	Қауіпсіздік	1	Қыркүйек
2	От адамның досы және жауы	1	Қараша
3	Табиғат	1	Желтоқсан
4	Су қоймасы	1	Қаңтар
5	Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы негізгі ережесі	1	Наурыз
6	Практикалық қауіпсіздік сабағы	1	Мамыр
		Сағат саны	6 сағат

3-сынып

№	тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау»			
1.1. Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы			
1	Төтенше жағдай - бұл не?	1	Қыркүйек

2	Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту.	1	Қараша
3	Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі	2	Қаңтар-Наурыз
4	Өмір қауіпсіздігі туралы практикалық сабақ	2	Сәуір-Мамыр
		Сағат саны	6 сағат

4-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау»			
1.1.Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы			
1	Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту.	1	Қыркүйек
2	Судағы қауіпсіздік	1	Қазан
3	Жаяу жүрушілердің қауіпсіздігі	1	Қараша
4	Сіз жолда жүру ережесін білесіз бе?	1	Желтоқсан
5	Практикалық сабақ ӨЖҚ	2	Қаңтар
2-бөлім «Бала денсаулығын сақтау және медицина білімінің негіздері»			
2.1.Алғашқы медициналық көмек беру ережесі медицина білімінің негіздері			
6	Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек	2	Ақпан-Наурыз-
2.2. Салауатты өмір салты негіздері			
7	Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік	2	Сәуір-Мамыр
	Сағат саны	10 сағат	

«Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары. 2024-2025 оқу жылы (Дене шынықтыру пәнімен кіріктірілген)

5-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау»			
1.Төтенше жағдайда оқшаулап шектелген мінез			
1	Қала (ауыл) қауіп көзі ретінде	1	Қыркүйек
2	Апатты жағдайдағы тұрғын үйдегі төтенше жағдай	1	Қыркүйек
3	Көліктегі төтенше жағдай	1	Қыркүйек
4	Крименагендік төтенше жағдай	1	Қараша
5	Табиғаттағы төтенше жағдай	1	Қараша
6	Климатографиялық жағдайдағы ауысым	1	Қараша
2-бөлім «Медицина білімі негіздері және бала денсаулығын қорғау»			
2.1.Медицина білімі негіздері және алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері			
7	Күйіп қалғанда және қан кеткенде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері	2	Қараша
8	Табиғат жағдайынан туындаған қиындықтарда алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері	2	Қаңтар
9	Жарақат алғанда алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері	2	Қаңтар
10	Әсері мықты улы заттардан уланғанда көрсетілетін алғашқы медициналық	1	Ақпан

	көмек көрсету ережелері		
2.2. Салауатты өмір салты негіздері			
11	Денсаулық және салауатты өмір салты туралы жалпы түсінік.	2	Сәуір
	Сағат саны	15сағат	

6-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
Бөлім «Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау»			
1.2.Оқшаулап шектелген төтенше жағдайда			
1	Адамның табиғатта өз бетінше өмір сүруі	1	Қыркүйек
2	Медициналық көмек көрсету жолдары	1	Қыркүйек
1.3 Халықты табиғи және техногендік төтенше жағдайлар салдарынан қорғау			
3	Жер сілкінісі	2	Қыркүйек
4	Жердің опырылуы мен сел, көшкіннің орын алуы	1	Қараша
5	Дауыл, боран	1	Қараша
2-бөлім «Медицина білімі негіздеріжәне бала денсаулығын қорғау»			
6	Әсері мықты улы заттардан уланғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек көрсету.	1	Қараша
7	Әртүрлі жарақат алу жағдайындағы алғашқы медициналық көмек	1	Қаңтар
8	Жаппай жарақат алу кезіндегі алғашқы медициналық көмек	2	Қаңтар
9	Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.	3	Ақпан
2.2. Салауатты өмір салты негіздері			
10	Денсаулық және салауатты өмір салты туралы жалпы түсінік.	2	Сәуір
	Сағат саны	15сағат	

7-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1-бөлім «Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау»			
1.3 Халықты табиғи және техногендік төтенше жағдайлар салдарынан қорғау			
1	Су тасқыны	1	Қыркүйек
2	Орман және дала өрті	1	Қыркүйек
3	Өндірістік апаттар және зілзала апаттар	2	Қараша-Желтоқсан
4	Әсері мықты улы заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар.	2	Қараша-Қаңтар
2-бөлім «Медицина білім негіздеріжәне бала денсаулығын қорғау»			
5	Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.	7	Қаңтар-ақпан-наурыз-сәуір
2.2. Салауатты өмір салты негіздері			
6	Салауатты өмір салты әдеттері туралы түсінік	2	Сәуір
	Сағат саны	15 сағат	

8-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
---	----------	------------	---------------------

1-бөлім «Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау» 1.3 Халықты табиғи және техногендік төтенше жағдайлар салдарынан қорғау			
1	Әсері мықты улы заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар.	2	Қыркүйек
2	Жарылыс және өрт	2	Қыркүйек
2-бөлім «Медицина білім негіздері және бала денсаулығын қорғау»			
3	Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.	3	Қараша
4	Жұқпалы аурулардың алдын алу	2	Қаңтар
2.2. Салауатты өмір салты негіздері			
5	Салауатты өмір салты әдеттері туралы түсінік	2 1	Қаңтар-сәуір
6	Жастардың денсаулығы және өмір сүру тұрпаты	3	Сәуір
Сағат саны		15 сағат	

9-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі
1	Радиоактивтік заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар	3 1	Қыркүйек-Қараша
2	Гидродинамикалық апаттар	1 1	Қыркүйек-Қараша
3	Мектеп жасындағы балалардың жарақат алуының және жарақат алған кездегі естен тануының алдын алу шаралары.	1 1	Қараша-Қаңтар
4	Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.	3 1	Қаңтар-Сәуір
6	Жастардың денсаулығы және өмір сүру тұрпаты	3	Сәуір
Сағат саны		15 сағат	

Оқушылар контингентін қалыптастыру және оқушылар қозғалысы

2024-2025 оқу жылында 1-9 сыныптар-комплектісінде оқу жылының басында 48 оқушы, бітіргені 48 оқушы.

Оқыту кезеңдері	2024-2025 оқу жылы		
	Оқушы саны	Сынып-комплект	Орташа толымдылығы
Бастауыш саты	17	4	3
Негізгі мектеп	31	4	6
Мектеп бойынша	48	8	5

Оқу жылы	Негізгі мектепті бітірушілер (9-сынып)	10-сыныпта оқитындар	колледж	басқа мектепке ауысқандар	Басқа мектептен келгендер
2024-2025	5		5		

Мектеп контингентінің сақталуы

Оқыту кезеңдері	Жылдың басы	Кеткені	Келгені	Жылдың соңында
2024-2025 оқу жылы	48	0	0	48

Оқушылардың қозғалысы бойынша бірқалыпты деңгейде көрсетті.

Пәндер бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы

1. Оқу кезеңдері бойынша білім сапасының көрсеткіштері

Оқыту кезеңдері	2024-2025 оқу жылы	
	Оқушы саны	%
2-4 сыныптар	11	81,8
5-9 сыныптар	31	83,8
Барлығы	42	76,1

2. Оқу кезеңі бойынша озаттар мен екпінділер саны

Оқыту кезеңдері	2024-2025 оқу жылы	
	Озат оқушылар	Екінді оқушылар
2-4 сыныптар	4	5
5-9 сыныптар	12	14
Барлығы	16	19

2024-2025 оқу жылының kundelik.kz жүйесіндегі есептер бөлімінен алынған деректер:

Сынып	Оқушылар							Орт. балл	Жалпы білім сап. %
	Барлығы	Үздік оқушылар		Үлгерімі жақсы оқушылар		Үлгерімі орташа оқушылар			
		Барлығы	%	Барлығы	%	Барлығы	%		
2	2	1	50	0	0	1	50	4,50	50
3	2	0	0	2	100	0	0	4,50	100
4	7	3	42,86	3	42,86	1	14,29	4,71	85,7
Бастауыш білім беру	11	4	36,36	5	45,45	2	18,18	4,23	81
5	9	4	44	3	33	2	22	4,33	77
6	10	5	50	5	50	0	0	4,60	100
7	4	1	25	2	50	1	25	4,25	75
8	3	1	33	1	33	1	33	4,33	66
9	5	1	20	3	60	1	20	4,40	80
Негізгі орта білім беру	31	12	39	14	45	5	16	4,33	84
Мектеп	42	16	38	19	45	7	16	4,25	83

Үнемі мұғалімдердің жоғары кәсіби дайындықтарын, сонымен қатар инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибесін жетілдіруді талап етеді. Мектеп ұстаздары сабақ үрдісінде сабақты зерттеу технологиясын қолдану белсенділігін артыру қажет. Осылайша үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар санын артуға септігі болады.

Пәндер бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері:

Пән атауы	2024-2025 оқу жылы
информатика	96,8
Құқық негіздері	100
биология	91,7
дуниетану	100
география	95
Қазақстан тарихы	93,5
геометрия	91,7
ағылшын тілі	90
физика	83,3
ДЖ тарихы	93,5
химия	91,7
математика	90,5
әдебиет	90,5
орыс тілі әдебиеті	90,5
қазақ тілі	90,5

Қорытынды: Пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда динамика төмендегені байқалды, бұл әрине сыныптағы оқушылар санына да байланысты болды.. Қанағанаттанарлық деңгейде көрсеткен пәндер: математика, геометрия, физика. Оқушыларға математика мен жаратылыстану тапсырмаларының әртүрлі өмірлік жағдайлармен, кестелер, диаграммалар және графиктер түрінде берілген мәліметтерді түсіндіруге, және эксперименттік жұмыстарды жүргізе білу дағдыларындыру. Пән мұғалімдері функционалды сауаттылығын арттыуға бағытталған тапсырмалар жинағын құрастыру. Оқудың барлық сатысында білім алушылардың білім алу сапасына мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіру.

Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша көрсеткіштер

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығы (2025 жылғы 30 сәуірдегі №98 бұйрықпен бекітілген өзгерістер) негізінде қорытынды аттестаттау ұйымдастырылды.

Оқу жылы	Оқушы саны	Қорытынды аттестаттау қатысқандар	Босатылғандар	Үздік аттестат 9-сынып
	9-сынып	9-сынып		
2024-2025	5	5	0	0

Білім алушыларға қорытынды аттестаттау емтихан материалдары электронды нұсқада білім беру бөлімі бұлттық сақтау тәсілі арқылы қабылдау-тапсыру актісі негізінде беріліп отырды.

2024-2025 оқу жылында 9-сыныпты 5 білім алушы бітірді.

Пәндер	Оқушы саны	бағалары			үлгерім	сапа	Пән мұғалімі
		5	4	3			
Қазақ тілі	5	2	3	0	100	100	Ахметов Рысбек Курманович
Алгебра	5	1	4	0	100	100	Имашхан Балғынбай
Орыс тілі	5	4	1	0	100	100	Каймолдина Ардана Кайырганатовна
Таңдау пәндері							
Биология	5	2	3	0	100	100	Кайсина Айнур Мырзағалиевна

Инклюзивті білім беру және әдістемесі

Қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының қатарына барлық адамдардың білім алу құқықтарының теңдігі жатады. Білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғышарт – инклюзивті орта. Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады.

Оқу жылдары	ЕБҚ бар оқушылар саны	Сыныпта оқитындар	Үйде оқитындар	мүгедек
2024-2025 оқу жылы	0	0	0	0

Білім алушылардың жетістіктері. Дарынды оқушылармен жұмыс

Мектептің функционалдық қызметтерінің басым бағыттары оқушылардың ғылымдар жүйесіннің негіздерін меңгеруі, олардың бойында тұлға аралық және этникалық, топ аралық қатынастар мәдениетін, жеке тұлғаның өзін –өзі айқындауы мен кәсіптік бағдарларын анықтау қабілетін қалыптастыру болып табылады

Мектептің оқу – тәрбие үрдісінде дарынды балалардың шығармашылық қабілеттерін, іскерлігін дамыта отырып тәрбиелеу бағытында жұмыс жасауда.

3. Ғылыми жобалар сайысының қорытындысы.

Оқу жылы	Аудандық				%	обл ыс
	оқушылар саны	I	II	III		
2024-2025	8	Талгатов Рамазан Қапан Айбике Бастауыш сынып	Ғали Томирис Жаратылыстану пәнінен Кайсина Бибинур,Анатова Дильназ Жаратлыстану пәнінен	Барит Іңжу, Орынбай Айсултан Жаратылыстану пәнінен		

2024 жылғы түрлі олимпиада, конкурстара қатысу көрсеткіштері

Р/с	Байқау түрі	Қатысушының аты-жөні	Сыны п	Нәтиже	деңгей
1	Жалпы білім беретін мектептерге арналған "Ақбота" зияткерлік олимпиадасы.	18 оқушы	2-7	I орын-7 II орын-6 III орын-5	Республика
2	"Ілияс оқулары" аудандық шығармашылық конкурсы;	Ербол Нурислам	9	II	Аудандық
3	"Абай оқулары" аудандық шығармашылық конкурсы;	Ғали Томирис Мұхамеджан Жәния Ербол Нурислам	5,9	I III I	Аудандық
4	"Абай оқулары" аудандық шығармашылық конкурсы	Ербол Нурислам	9	III	Облыстық

5	2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде » республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңі	Талгатов Рамазан Қапан Айбике Ғали Томирис Кайсина Бибинур, Анатова Дильназ, Барит Іңжу, Орынбай Айсултан	4,5,6	I II III	Аудандық
6	Математикалық турнир	Токтасынов Нурасыл Қайыр Айриза	2,3	II III	Аудандық
7	ПроЭКО	Ғали Томирис	5	I орын	Аудандық

Қорытынды: Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін жалғастыру және болашақта облыстық әрі республикалық деңгейге шығару үшін жетілдіру. Оқушыларды жоғарғы оқу орындарының ғалымдарымен тығыз байланыс орнату (ғылыми жетекші іздестіру); Оқушылардың ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында ғылым күні, конференциялар және тағы басқа әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру;

Педагог кадрларын талдау

Мұғалімдердің сапалық құрамы. Білім беру сапасы айтарлықтай мөлшерде педагогикалық құрамның сапасымен айқындалады. Өсіп келе жатырған ұрпақты сапалы оқытатын және тәрбиелейтін жоғары білікті педагог білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Педагогтардың біліктілігінен және шеберлігінен, олардың түпкілікті нәтижедегі педагогикалық және кәсіптік сапаларынан оқушылардың білім алу жетістіктерінің нәтижелері тәуелді болады. Педагог қызметкерлерінің білімі мен біліктілігі бойынша көрсеткіштер

жылы	Педагогтер саны	Жоғары білімді	%	Ар. орта білімді	%	сырттай	%
2024-2025	16	15	93%	1	7%	-	-

Мектеп педагогтерінің саны - 16, оның ішінде -15-і жоғары білімі бар, 1 арнайы орта білімі бар.

Санаттары бойынша үлесі

жылы	Педагогтер саны	Жоғары, Педагог-зерттеуші	I Педагог-сарапшы	II Педагог-модератор	педагог	Сапа көрсеткіші
2024-2025	16	1/6,25%	5/31,25%	3/18,75%	7/43,8%	56,25%

Педагогикалық өтілі бойынша

жылы	Педагогтер саны	3 жылға дейін	3-тен 15 жылға дейін	16-дан 25 жылға дейін	25 жылдан астам
2024-2025	16	2	12	1	1

Педагогтердің жас құрамы

жылы	Педагогтер саны	30 жасқа толмаған	30-дан 50 жасқа дейін	50 жастан асқан	зейнеткерлер	Педагогикалық ұжымның орта жасы
2024-2025	16	3	11	2	0	35

Жас мамандар көрсеткіштері.

Оқу жылы	Келген жас мамандар	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Көтерме ақы алуы	Пәтер алуы	тұрақтылығы
2023-2024	2	1	1	2	-	Тұрақты
2024-2025	-	-	-	-	-	-

Жас мамандардың тұрақтылығы байқалады. Мектепке келген жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасалады, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдылары қалыптастырылады. Жас мұғалімдер мектебі – жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетуді, тәлімгерлер мен ұстаздар арасында байланыс, өзара сабаққа қатысу, жас мамандар үшін дәстүрлі емес ашық сабақтар, семинарлар, тренинг, пікірталас өткізуді жүзеге асырады. Жас мамандар мектептің қоғамдық жұмыстарына, спорттық шараларына белсене араласады. Имашхан Балғынбай 2024 жылы аудандық Ж.Арықбаев атындағы «Жас маман» конкурсынан III орын, Ахметова Айым «Ең үздік ашық сабақ» номинациясына ие болды. Имашхан Балғынбай «Жаңа мектепке-жаңашыл ұстаз» аудандық байқауында III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы негізінде тәлімгерлік бекітілді. Тәлімгерлер – Ахметов Рысбек Курманович, білімі жоғары, педагог-зерттеуші және бастауыш сынып мұғалімі Хасенова Молдыр Айтболатовна, жоғары білімді, педагог-модератор санаты бар.

Педагог қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру. Аттестаттан өту.

Мақсаты- аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің жұмыс нәтижесін біліктілік талаптарына сай екендігін анықтау.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 Жарлығымен бекітілген жалпыұлттық жоспарының іс-шарасымен педагогтерге арналған ұлттық біліктілік тестін әзірлеу және оны өткізу бойынша іс-шаралар қарастырылды. Мұғалімдерді аттестаттаудың жаңа жүйесі екі кезең бойынша жүзеге асты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгертермен 12.04.2018 №152 бұйрық) негізінде мұғалімдер аттестаттаудан өтті.

3 жылға аттестаттаудан өту көрсеткіштері

Санаттары/оқу жылы	2024-2025
Педагог-модератор	3
Педагог-сарапшы	5
Педагог-зерттеуші	1
Педагог-шебер	0
Жалпы	9

Қорытынды: Ақшиман негізгі орта білім беру мектебінде 16 мұғалім қызмет атқарды. Оның педагогикалық құрамының білімдік және сапалық деңгейі бойынша жоғары білімдісі 15 мұғалім, 93% құрайды, өткен жылмен салыстырғанда +1 динамикасы байқалады. Жоғары біліктілік санаты бар 1 мұғалім, 6,25% құрайды. Бірінші біліктілік санаты барлар 5 мұғалім, 31, 25%. Мемлекеттік лицензия талаптары бойынша 56,25% құрайды. Бұл көрсеткіш мемлекеттік лицензиялық талапқа сай деп анықталды.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық белсенділігінің деңгейі бойынша талдауы

Мектептегі әдістемелік жұмыстың ең негізгі міндеті - мұғалімнің мамандығын жетілдіру. Әр мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен мүмкіндігін айқындау, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру сынды мәселелер мектеп алдында тұрған жауапты іс.

Мұғалімдер үш оқу жылының ішінде аудандық, облыстық конкурстарына қатысып, жүлделі орындарға иеленіп жүрді.

	Конкурс атауы	Т.А.Ә.	Конкурс / олимпиада деңгейі		
			аудан	облыстық	республикалық
2024-2025 оқу жылы					
1	Алтын тұғыр III -орын	Бейсекова Ш.М.	+		
2	Ж.Арықбаев атындағы «Жас маман» III -орын	Имашхан Б.	+		
3	Ж.Арықбаев атындағы «Жас маман» номинация «Ең үздік ашық сабақ»	Ахметова А.К.	+		
4	Сертификат "Сабақты зерттеу: Май аданы мектептерінің тәжірибесі" IV аймақты ғылыми-практикалық конференция аясында II -орын	Каймолдина А.К.	+		
5	Сертификат "Сабақты зерттеу: Май аданы мектептерінің тәжірибесі" IV аймақты ғылыми-практикалық конференциясында іс-тәжірибесімен бөліскені үшін	Каймолдина А.К.		+	
6	«Жаңа мектепке - жаңашыл ұстаз»	Имашхан Б.	+		

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы "Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы" № 514 бұйрығы негізінде конкурстарға қатысу жұмысы алға қойылған.

Ұйымдастырылған семинарлар саны.

Оқу жылы	Семинар тақырыбы	деңгей	Мерзімі
2024-2025	Аудандық Абай оқулары	аудан	2024 жылы, желтоқсан айы

Әдістемелік сұрақтар бойынша БАҚ -та жариялану деңгейі

Бейсекова Шынара Мерболатовнаның «Қызықты жаратылыстану» авторлық бағдарламасы «BILIM AINASY» республикалық ғылыми-танымдық газетінде 2025 жылы №3 наурыз айында жарияланды. Ксембаева Гульнара Жуматаевнаның «Сөз әлеміне саяхат» авторлық бағдарламасы «BILIM AINASY» республикалық ғылыми-танымдық газетінде 2025 жылы №3 наурыз айында жарияланды. Кайсина Айнура Мырзағалиевнаның «Биология сабағында функционалдық сауаттылықты арттыруда жасанды интеллекті қолдану әдістемесі» тақырыбына әдістемелік құрал «BILIM AINASY» республикалық ғылыми-танымдық газетінде 2025 жылы №3 наурыз айында жарияланды

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы туралы

Сапалы білім берудің бағыттарының бірі-мұғалімдер біліктілігін көтеру жұмысы. Осы жұмысты жүзеге асыру мақсатында облыстық біліктілігін арттыру орталығының жоспарына сәйкес, аудандық білім беру бөлімінің жылдық жоспары негізінде жүзеге асырылады. Осы жоспар бойынша мұғалімдер мен мектеп қызметкерлері курстарға жіберілді. Мақсаты: маман ретінде кәсіби шеберліктерін жетілдіру және кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдету; мемлекеттік білім стандарттарын меңгертудегі жаңа буын оқулықтарының мазмұны; кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру.

Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдыларын мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Жылдар	Қайта даярлау курсынан өтуі	«Өркен» ҰҒПИ» АҚ	Педагогикалық шеберлік орталығы	Басқа курстар
2024-2025	8	1	7	0

Педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарынан өту 2025 жылы

№	Пән	Мұғалімнің аты-жөні	Курс мерзімі	тақырыбы
1	МДОІЖО	Кайсина Айнура Мырзағалиевна	27.01.2025-07.02.2025	Білім берудегі менеджмент
2	Биология	Темешова Анель Субековна	27.01.2025-07.02.2025	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: биология мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі
3	МДАІЖО	Тогимова Армангуль Кенжеболатовна	03.02.2025-14.02.2025	Білім берудегі менеджмент
4	Биология	Кайсина Айнура Мырзағалиевна	31.03.2025-11.04.2025	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: биология мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі
5	Бастауыш сынып	Хасенова Молдыр Айтболатовна	31.03.2025-11.04.2025	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың

				тиімді тәжірибесі
6	Қазақ тілі және әдебиет	Ахметов Рысбек Курманович	07.04.2025-18.04.2025	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі
7	Тарих	Галиев Нуржаусын Муратулы	14.04.2025-25.04.2025	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі
8	Психология	Алибаева Жанар Ашкеновна	14.04.2025-25.04.2025	Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми - практикалық негіздері

Қорытынды: «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 № 249 бұйрығы негізінде пән мұғалімдер курстан кейінгі сүйемелдеу-педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы қыркүйекте жариялаған халыққа Жолдауында: «Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек» делінген, осы бойынша мектеп жыл сайын білім беру бөліміне өтінімдер беріліп отырады.

Мектептің әдістемелік жұмысы.

Мектептегі әдістемелік жұмыс – өзінің ғылыми-теориялық және әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында мұғалімдердің жүйелі түрде жүргізетін ұжымдық және жеке іс-әрекеттері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 583 бұйрығы негізінде жұмыстар жүргізілді.

Мектепте 3 әдістемелік бірлестік қызмет атқарады. Әр бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары, отырыстар жоспары, мұғалімдер туралы мәліметтер жинақталған. ӘБ мүшелерінің міндеттері белгіленді. Әр тоқсан сайын ТЖБ талдауларын жинақтап, талдау жасау, модерация үрдісін жүргізу. Жүктелген міндеттерді уақытылы, дұрыс орындалып отырды. ӘБ отырыс жоспарына сәйкес отырыстар өткізіліп отырды..

Аудандық, облыстық, республикалық семинарлар қашықтықтан қатыстырылып отырды. Мектепшілік семинарлар жоспар бойынша жүргізілді.

Сабақтастық. Сабақтастық дегеніміз-баланы белгілі бір мақсатқа жеткізу үшін білім мен тәрбие процесін үздіксіз жалғастыру, яғни, біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау, екіншіден білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі. Оқытудағы сабақтастық алдыңғы сатыдағы оқушылардың білім, білік және дағдыларын оқытудың келесі сатысында кеңінен қолдануды және әрі қарай жетілдіру, дамыта түсуді көздейді. Мектептің буындар арасындағы сабақтастық, буындарға бейімділігін анықтау мақсатында мектепте төмендегідей іс-шаралар жүргізілді

Сабақтастық баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау мақсатында мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасында жұмыстар жүргізілді. «Қарлығаш» бөбектер бақшасымен бірлескен жоспар құрылды. Мақсаты: Мектепке дейінгі мекеме мен мектептің мектепалды даярлық топ арасындағы сабақтастық пен үздіксіз білімділік, тәрбиелік, оқу-әдістемелік жұмысты қамту. Ұйымдастырылған жұмыстар арқылы тәрбиеленушілердің оқуға деген ынтасын, қабілетін, бейімін анықтауға бағытталды.

Lesson Study.

Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады.

Сабақты зерттеу әдісін енгізу мақсаты (Т. Чичибу)

- Оқытуды жақсарту (педагогика)
- Мұғалімдердің қарым-қатынасын жақсарту (мұғалімдер қауымдастығы)
- Оқушылардың оқуын бақылау дағдысын жақсарту
- Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын дамыту

Мектеп тәжірибесіне Lesson Studydі енгізу жолы

1. Талдау. Сауалнама жүргізу арқылы оқушылардың қиындықтарын анықтау. Пәндер бойынша білім сапасына талдау жүргізу.
2. Жетілдіруді қажет ететін тұстарын анықтау. Білім сапасы ма? Сыныптағы қарым-қатынас па? Жеке оқушыларды ескеру ме? т.б

Зерттеу сұрағын анықтау.

Сабақты зерттеу барысында мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп жоспарлауды түсіну, кәсіби шеберлігінің артуы және мұғалімнің зерттеу қабілеті жетілуі, сабақтың сапасын жақсарту, зерттеушілік іс-әрекетке баулу арқылы сабақтың тиімділігін арттырудың жолының айқындалуы, сабақты талдау, жоспарлау, рефлексия жасай білу, кері байланыс беру дағдылары артуына мүмкіндік болады және ұтымды әдіс-тәсілдерді игеру және оны тәжірибеге енгізу жолдарымен етене танысуға мүмкіндік беру.

Әлді жақтары:	Әлсіз жақтары:
LS үрдісі жүйелі жүргізілуі; Барлық санаттағы мұғалімдердің сабақ беру Бастауыш сынып толық қамтылды Сабақтарда жаңашыл әдіс- тәсілдердің қолдануы; Сабақтарда топпен, жұппен, жеке- дара жұмыстар жүргізілуі Акт мүмкіндіктері қолдану LS кейін қорытынды есеп беру, рефлексивті есеп жазу	LS зерттеу сұрағын анықтау LS барлық сабақтары фокус топпен жоспарланбауы (1-3 сабақ қана) Бақылаушылардың сабақтарға жүйелі қатыса алмауы Зерттеу сұрақтары бақыланбауы Бағалау барысында оқушылардың бағалауы ғана ескерілуі Сабақ уақытын тиімді пайдаланбауы

Оқушының іс-әрекеттік - компетенттік тәсілге бейімделуіне мүмкіндік беріледі. Әр оқушы үні ескеріледі, қолданылған әдістердің қаншалықты тиімді болғанын білу үшін пікірлесу мүмкіндігі туады, оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға тартылады, жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер толық қамтылады, оқушыларға коллаборативті орта қалыптасады;

Әлді жақтары:	Әлсіз жақтары
Білім сапасы жоғарлауы; Оқушылардың белсенділіктері артуы; Өкіл ретінде таңдалған Авс оқушылары топтың шынайы нәтижесін көрсетуі Ерекше білім беруді қажет оқушылардың тапсырмаларды бір деңгейде орындай алуы Оқушылардың тәртібі қалыптасуы	Кей оқушылардың оқу үрдісіне араласпауы С оқушының даму динамикалары әлсіз Оқушылардың өз ойын еркін жеткізе алмауы Бағалау шынайы болмауы

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ

2024–2025 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасына сәйкес құрылып, бекітілген жылдық жоспарға сай кезең-кезеңімен жүргізілді. Жұмыс бағыттары – тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған: рухани-адамгершілік, отансүйгіштік, құқықтық, экологиялық, кәсіби, денсаулық сақтау, цифрлық мәдениет.

Мектептің тәрбие жұмысы – оқушылардың кеңестерін дамыту, этикетті тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін жетілдіру және оларды білікті, адалдықпен біріктіру. Оқу орнының

тәрбие жұмысы баланың тынымсыз дамуын қолданады, оның тәрбиесін алғаш рет түсінуін үйренеді. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде құрылды. ""Біртұтас тәрбие" бағдарламасы – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

2024 – 2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып 2024-2025 жаңа оқу жылының басталуына орай тәрбие бағыты бойынша педкеңес өткізілді. Педкеңес барысында қазіргі уақыттағы тәрбиенің беталысы мен құндылықтар жүйесін анықтап, талдау жұмыстары жүргізілді. Педагогтар топтық жұмыс бойынша, өзекті мәселелерді талдап, өз көзқарастарын ортаға салды. Тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының құжаттары қарастырылып, сабақ кестесі, жоспары сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз 4 хаттамысымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға барынша педагогикалық қолдау көрсетілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы «Бақытты ата-ана, бақытты бала» жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Ақшимаң НОББМ 2024 – 2025 оқу жылында барлығы 48 оқушы. Мектеп бойынша себепсіз сабақ босатқан оқушылар анықталмады. 2024-2025 оқу жылының басында сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен бірлесе отырып, әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылды.

Қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсіби дағдылар айы

Оқу жылының алғашқы айында оқушылардың мектепке бейімделуі, ішкі тәртіпке үйренуі, қауіпсіз мінез-құлық нормаларын меңгеруі басты назарда болды. 1 қыркүйек – Білім күніне орай салтанатты жиын, ту көтеру рәсімі және алғашқы сынып сағаттары өтті. «Кітап – жан азығы» челленджі оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталды. Тілдер күніне арналған «Тілім менің – ғасырларға аманат» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Есірткіге қарсы іс-шаралар, қауіпсіздік сабақтары, оқушылар мен ата-аналар арасында ескерту және алдын алу жұмыстары жүргізілді. «Аққу» және «Мирас» клубтарының жұмысы белсенді іске қосылды. Экологиялық жобалар мен «Таза жұма» акциясы арқылы оқушылар еңбекке және табиғатты аялауға баулынды.

қыркүйек күні Астана уақытымен сағат 12.00-де дене белсенділігін арттыру мақсатында республиканың барлық өңірінде аталмыш «FIZKULTMINUTKA» челенджі өткізілді. Мектебіміздің 1-9 сынып оқушылары қатысып, біріңғай спорттық жаттығулар кешенін орындады.

Еңбек күні қарсаңында «Адам азамат-адал еңбек» флешмобы өтті. «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР», ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ – АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАНЫҢ аясында «Айтыс – күдіретті өнер» атты тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.

Қыркүйек айында аға тәлімгер Назарбекова Жамиля Муратовна ұйымдастыруымен мектеп Парламентінің Президентін сайлау өткізілді. Мектеп Президентіне 10 үміткер қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша көп дауыс жинаған

9-сынып оқушысы Ербол Нурислам сайланды.

Қазан – тәуелсіздік пен отансүйгіштік айы

Мемлекеттік мерекелерге, ұлттық рухты қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Қарттар күні мен Мұғалімдер күніне арналған кездесулер мен құрмет кештері өтті. Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін –өзі басқару күні өткізілді. Жоғары сынып оқушылары мектеп мұғалімдерін тосын сый жасап, төл мерекелерімен құттықтады. Іс шараға ардагер ұстаздар, ауыл әкімі, қамқоршылық кеңес мүшелелері шақырылды.

1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты құттықтау бейнеролигін жасады.

Республика күніне орай «Менің туым» облыстық байқауында 8-9 сынып оқушылары ІІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды. «Менің Қазақстаным» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. «Адал ұрпақ» клубы аудандық слетке қатысып ІІІ-дәрежелі орынға ие болды. Патриоттық әндер сайысы, гимн орындау, әскери-патриоттық бағыттағы флешмобтар өтті. Жалпы іс шара саны-8. Қамтылған адамдар саны- 30.

Қауіпсіздік бойынша 10 минуттық сабақтар жүйелі түрде жүргізіліп отырды. Мектепте оқушылармен әр тоқсан сайын эвакуация жаттығулары жүргізілді. Эвакуация уақыты-5 минуттан аспады.

Қараша – әділдік пен жауапкершілік айы

Мақсаты – тұлғаның заңға, тәртіпке және моральға сай қалыптасуын қамтамасыз ету. «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбындағы сынып сағаттары өтті. Буллинг пен кибербуллингің алдын алу тақырыптары көтерілді. Дәрістерге ІІБ учаскелік инспекторлары шақырылды.

«Жайдарлы жас ұлан» КВН форматындағы командалық байқау ұйымдастырылды. «Smart Bala», «Қамқор», «Адал жүрек» жобалары арқылы волонтерлік, зияткерлік, шығармашылық қабілеттер дамытылды. Оқушылар экологиялық және әлеуметтік акцияларға белсене қатысты. Ауқымды экологиялық акциялар саны-2.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жылдық іс-шаралар жоспары құрылды. Құрылған жоспар аясында іс-шаралар өткізілді. Жобаға ата-аналар, оқушылар қатысады. Сынып кабинеттерінде кітап оқу бұрыштары құрылды. Әр сәрсенбі күні "Оқуға құштар" 10 минуттік оқулар жүйелі түрде өткізілді.

Желтоқсан – бірлік пен ынтымақ айы

Мемлекеттік мерекелер мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін іс-шаралар өткізілді. Тәуелсіздік күніне арналған әдеби кештер, сынып сағаттары, «Рәміздер туралы не білемін?» викторинасы ұйымдастырылды. «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі өтті. Қауіпсіздік тақырыбындағы алдын алу сабақтары жалғасын тапты. ЭКОboom жобасы аясында қайырымдылық, қоршаған ортаға қамқорлық бағытындағы акциялар өтті. Мектеп бойынша ЭКОboom жобасы аясында қалаға 1500 қрышка тапсырылды.

Оқу –ағарту министрлігі мектептердегі әлеуметтік –эмоционалдық ахуалды жақсарту мақсатында «ДОСБОЛLIKE» Республикалық акциясын бастады. Ақшимаң НОББМ оқушылары «ДосболLike:Достық қолын ұсын» акциясына қосылды. Акция арасында мектеп Парламенті мектеп оқушылары,мұғалімдер, ата-аналар және бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын нығайту, қолайлы жағдай жасау мақсатында «ДосболLike:Достық қолын ұсын»акциясын өткізді.

Акция аясында «Достық –біздің тірегіміз» атты тәрбие сағаттары, 5-7 сынып оқушылармен «Спорттағы достық» бағыты бойынша баскетболдан жарыс өткізілді. Мектебімізде «ДосболLike: достық қолын ұсын» акция аясында мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар арасында волейбол жарысы өткізілді. Жалпы қатысқан саны- 30 адам (4 команда-25 адам, төрешілер, комиссия мүшелері).

Мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, бірінші бөлімі "Ашық алаң", екінші бөлімі балалар қауіпсіздігі, оқу үлгерімі бойынша өтті. Жалпы қатысқан ата-ана саны-25. Ата-аналардан түскен сұрақтар бойынша толық жауап берілді. Ұсыныстары қабылданды.

Қаңтар – заң мен тәртіп айы

Қысқы демалыстан кейінгі бейімделу кезеңінде құқықтық тәрбие мен әлеуметтік сауаттылыққа басымдық берілді. «Мамандықтар марафоны» өтті – кәсіптік бағдар беру. Кәсіптік бағдар беру мақсатында Ақсу қаласының металлургиялық колледжінің ұстаздары 8-9 сыныптарға дәріс өткізді. Қамтылған бала саны- 8.

Құқықтық сағаттарда балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері кеңінен талқыланды. «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Сыбайлас жемқорлық картасы» жобалары жүзеге асырылды.

Ақпан – жаңашылдық пен жасампаздық айы

Оқушылардың шығармашылығы, өзін-өзі бағалау дағдылары, әлеуметпен байланысы нығайтылды. «Шын жүректен кітап сыйла!» акциясы арқылы оқуға қызығушылық артты. Суицидтің алдын алу, кибербуллинг, қауіпсіз интернет тақырыбында психологпен сабақтар өткізілді. «Аққу» және «Мирас» клубтары тәрбие сағаттарын өткізді.

Наурыз – ұлттық құндылықтар айы

«Ақшағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауының аудандық кезеңінде «Тарнадо» би тобы II- орынға ие болды. 1 наурыз – Алғыс айту күні: «Мың алғыс» челленджі өтті. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған концерттік бағдарлама өтті. Наурыз мейрамы – ұлттық салт-дәстүрге негізделген көрмелер, ойындар мен тағам жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Оқушылардың ұлттық болмысты түсінуі мен құрметтеуі қалыптасты.

Сәуір – еңбек және шығармашылық айы

Мирас облыстық жобасы аясында ұйымдастырылған «Мен болашақ жауынгермін» атты облыстық байқаудың аудандық кезеңінде мектебіміздің командасы II- орынды иеленді. «Туған өлкем», «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобалары іске асты. Дебат турнирлері, мектеп театр қойылымдары өтті. Апталық кітап көрмелері, оқу марафондары ұйымдастырылды.

Мамыр – бірлік пен естелік айы

1 мамыр – Халықтар бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған шаралар өтті. Іс шаралар мектеп алаңында басталып, "Ұлы Отан" соғысына арналған ескерткіш жанында гүл шоқтарын қою рәсімімен жалғасты. Жалпы қамтылған оқушы саны-48, мұғалімдер саны-13. «Қауіпсіз жаз», «Буллингтен қорған» атты қорытынды қауіпсіздік сабақтары өткізілді. «Жасыл мекен», «Жақсылық жаса» қорытынды экологиялық және әлеуметтік жобалармен жыл жабылды. Экологиялық акцияға 1,4,9 сыныптар қатысты. Жалпы 10 алма ағашы егілді. Әр оқушы өз ағашын белгілеп, қарауда.

Мектеп бойынша аз қамтылған отбасы оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды. Үнемі асхана жұмыстары тексеріліп, асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануы қадағаланады. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетілді. Жағдайы төмен отбасы үйлерін аралап, рейд жұмыстары жүргізілді.

Мектеп бойынша 5 үйірме және 4 спорттық секция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Үнем – қоғам қуаты», «Оқуға құштар мектеп», «Қызықты үзіліс», «Экоboom», «Жақсылық жаса», «Менің туым», «Еңбек – елдің мұраты», «Дәстүр мен ғұрып», «Family Day» жобалары және мектепішілік «Ұлттық құндылықтар» жобасы және «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы жұмыс жасады.

Аудандық спорт жарыстары бойынша көрсеткіштер

№	Секция	Орындар
		2024-2025
1	Тоғызқұмалық	7-8 сынып арасында- 2 орын
2	Теннис	
4	Шахмат	
9	Асық ату	

Мектептеп бойынша ыстық тамақты ұйымдастыру

Ақшимаң НОББМ мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту мәселесіні ұйымдастыруда басты міндеттерді іске асырды.

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтануын қамту;
- ата-аналар (заңды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;
- мектептің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;
- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылдары	2024-2025
Тегін тамақ түрлері	
Жалпыға бірдей білім беру қорымен қамтылған оқушылар саны	6
Жергілікті бюджет тарапынан тамақтанатын 1-4 сыныптар оқушылары	16
Жалпы тегін тамақпен қамтылған балалар саны (ата-ана демеушілігі)	26

Әр жыл сайын оқушылар тегін тамақпен қамтылып отырды.

	2024	2025
Бір балаға берілетін ыстық тамақтың жалпы құны	теңге	теңге
Аз қамтылған санаты бойынша	724	776
1-4 сынып бойынша	472	567
Шағын орталық	719	719

2025 жылға бір балаға берілетін ыстық тамақтың жалпы құны аз қамтылған отбасы оқушыларына 776 теңге, 1-4 сынып оқушыларына 567 теңге, шағын орталық тәрбиеленушісіне толық 719 теңгені құрайды. Тегін тамақпен атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар және күнкөріс мөлшері төмен аз қамтылған немесе көпбалалы отбасы балалары қамтамасыз етілді. Құжаттар мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сай қабылданып отырды. Асхана мәзірі екі аптаға құрылған. Асханадағы қызметкерлер саны- 2 адам, оның ішінде 1 аспазшы, 1 асхана жұмысшысы.

Ай сайын бракеражды бақылау комиссиясының төрайымы, қамқоршылық кеңесінің төрайымы және мүшелері мектеп асханасының санитарлық жағдайын, ыстық тамақ ішетін балалардың тамақтануын және ас мәзірін тексеріп отырды. Мектептің тегін ыстық тамақтандыру мәселесі бойынша құжаттары бар. Келісім-шарттар жинақталып сақталған.

Құқық бұзушылықтың алдын алу

Оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында отбасылардың әлеуметтік жағдайы қарастырылады.

Оқу жылы	Аудандық есеп	Мектепшілік есеп	Жалпы
2024-2025 оқу жылы	0	0	0

2024-2025 жылдараралығында аудандық есеп бақылауына қойылған оқушылар жоқ.

Мектепте "Сенім жәшігі" әр апта сайын қаралып отырады. "Түнгі қаладағы балалар!", "Көше" сияқты кең ауқымды рейдтер өткізіліп отырады. Дәстүрлі түрде өтетін «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық онкүндік және «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанының, «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» науқанының өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында мектеп психологі Ж.А.Алибаева жұмыс жоспарына сәйкес іс шараларды өткізді.

22-мамыр күні оқу жылы бойынша жетістікке жеткен, мектеп өміріне белсенді қатысқан оқушыларды марапаттау "ТОП ЖАРҒАН 2025" атты салтанатты рәсімі өткізілді. Рәсім барысында оқушыларға қаржылай сыйақы табысталды. Ұстаздар демеушілігімен ұйымдастырылды. Жалпы 34 оқушы қатысты. Жалпы жұмсалған қаражат 108000 мың теңге.

20 мамыр күні 2 мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Қарастырылған сұрақтар: бала қауіпсіздігі, жаз сауықтыру науқаны. Ауыл әкімі, учаскелік инспектордың қатысуымен жазғы уақытта балалардың қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жалпы қатысқан ата-ана саны: 25.

Аудандық әкімшілік шыршасына қатысқан оқушылар туралы мәлімет

Оқу жылы	2024-2025
Бала саны	2
Жаңа жылдық сыйлықтары	50 000 теңге көлемінде сертификат және жаңа жылдық кулек

Жетім /ААҚҚ / оқушыларының мониторингісі

Ақшимаң НОББМ де жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы жоқ.

2024–2025 оқу жылында тәрбие жұмысы жүйелі, жоспарлы, нәтижелі түрде жүргізілді. Оқушылардың белсенділігі жоғары болды, ата-аналармен байланыс нығайды. Профилактикалық жұмыс үздіксіз жүргізілді. Педагогтардың, мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтардың үйлесімді жұмысы байқалды.

Ұсыныс: жаз мезгілінде де жобалық жұмыстар мен балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жалғасуы қажет.

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Мектеп кітапханасы өз жұмысында басшылыққа алады: «Білім туралы Заң», «Кітапхана ісі туралы Заң», «Мектеп кітапханасы туралы ереже». Мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.

Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

-оқу және тәрбие процесін кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің барлық түрлерімен және әдістерімен қамтамасыз ету;

-кітапқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу және оқу мәдениетін қалыптастыру,

-баспа -басылымдарына ұқыпты қарау;

-оқу пәндерін табысты оқу, сөйлеу мен ойлауды, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттерді дамыту мақсатында оқушыларды оқуға тарту.

-Мектеп кітапханасы оқушылардың үнемі өздігінен білім алу қажеттілігін оятады, жауапкершілікке тәрбиелейді, мектеп бағдарламаларына көмектесу үшін әдебиеттерді насихаттауға назар аударады. Сондай-ақ балалардың оқу және оқу әдеті мен қуанышын, оқу кезеңінде кітапхананы пайдалану қажеттілігін дамытады және қолдайды.

Мектеп кітапханасы-бұл оқушыларға арналған алғашқы ақпараттық орталық. Дәл осы жерде әр түрлі көздерден алынған ақпаратты өз бетінше іздеу, сыни бағалау дағдылары алынуы керек: дәстүрлі (кітаптар, журналдар, газеттер) және дәстүрлі емес.

Кітапхананың жалпы көлемі - 69 ш.м. кітапхана оқу залымен бірге, кітап сақтау қоймасы бар. Отыратын орындардың жалпы саны – 12, кітап сөрелері – 2, кітап шкафтары – 0, стеллаждар – 6, оқулықтарға арналған стеллаждар – 0.

Кітапханада 1 компьютер.

Барлық компьютерлер интернетке қосылған.

Кітапханада құжаттама бекітілген номенклатураға сәйкес жүргізіледі.

Мектеп кітапханасының кадрлары туралы мәліметтер.

Кітапханашы: А.К.Тогимова мамандығы «қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі».

Жалпы еңбек өтілі 20 жыл ай. Аталған оқу орнындағы жұмыс өтілі – 3 жыл, 10 ай.

Оқушылар жетістіктері			
Р/с	Аты-жөні	Сынып	Аудан
1	Ербол Нұрислам	9	Ілияс Жансүгіров оқулары - 2 орын.

Нормативтік құжаттардың болуы:

Кітапханада келесі нормативтік құжаттар бар:

-Кітапхана туралы ереже

-Кітапхананы пайдалану ережесі

-Лауазымдық нұсқаулық кітапханашы.кітапхана

-Кітапхана қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары

-Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспары

-Мектеп кітапханасының жұмысы туралы жылдық есеп

Кітапхананың нормативтік-регламенттеуші құжаттары бар Папка (Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен өкімдері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының әдістемелік ұсынымдары (ҚР БҒМ РҒПБ).

Есептік құжаттаманың болуы:

Кітапханада келесі есеп беру құжаттары: бар
Негізгі кітапхана қорының жиынтық есебі кітабы:бар
Түгендеу кітаптары: бар
Негізгі кітапхана қорының қозғалыс актілерінің папкалары(есептеншығару):бар
Кітапхана жұмысының күнделігі:бар
Библиографиялы қанықтамаларды есепке алу журналы:бар
Оқулықтарды есепке алу журналдары:бар
Оқулықтарды жеткізу бойынша шот-фактуралардың көшірмелері бар папка:бар
Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы:бар

Кітапхананың кітап қоры туралы мәлімет:

Оқу әдебиеттері қоры бөлек орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізілді. Жаңа оқулықтардың түсуіне қарай оларды бірден өңдеу және орындарына орналастыру жүргізіледі.

Көркем әдебиет қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Кітапхана ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, балалар әдебиетімен, электронды оқулықтармен жабдықталған.

Құжаттарға жазу уақтылы және ұқыпты жүргізіледі. 2024-2025оқу жылдары аралығында кітапхананың кітап қоры төмендегідей болды:

Оқу жылы	Жалпы қоры		Оқулықтар		Көркем әдебиет		Әдістемелік нұсқау		Электрондық оқулықтар	
	Қаз.	Орыс	Қаз.	Орыс	Қаз.	Орыс	Қаз.	Рус.	Қаз.	Орыс
2024-2025	9441		2318		4383		2622		118	
	8231	1210	2318		3173	1210	2622		118	

Оқырмандармен жұмыс:

Кітапханалық қызмет көрсету «Кітапхана туралы ережеге»және кітапхана жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Абонемент және кітапхананың оқу залы СанПИН талаптарына жауап береді, эстетикалық безендірілген, қажетті стеллаждармен қамтамасыз етілген. Кітапхананың жұмыс кестесі, кітаптарды пайдалану ережелері ілінген.

Оқырмандарды қайта тіркеу, сабаққа қатысу және кітап беру күнделік жазбаларына сәйкес келеді.Формулярларуақтылытоптырылады.Оқырмандаркітапханақорынан10 күнмерзімге баспа басылымдарын уақытша пайдалануға алады, кітапханашыдан алынған анықтамалық ақпаратты пайдаланады. Барлық оқушылар мен оқытушылар "кітапхананы пайдалану ережелерін" сақтайды, бұл олардың тәуелсіз кітапхана пайдаланушыларының дағдыларын қалыптастырады. Кітапхана оқытушыларға, сынып жетекшілеріне іс-шараларды, сынып сағаттарын өткізуге көмек көрсетеді. Әдебиеттер, Өлеңдер іріктеліп, кітап көрмелері рәсімделеді.

Жеке қызмет көрсетудің негізгі нысандары:

- Кітапханаға жазылу кезіндегі әңгіме;
- Оқылған туралы әңгіме;
- Кітап таңдау кезіндегі ұсынымдық әңгімелер;
- Оқырман формулярларын талдау.

Оқырман формулярларын талдау бойынша оқырмандар арасында көркем әдебиет пен балалар әдебиеті ең көп сұранысқа ие деп айтуға болады. Балалар жарқын суреттері бар жаңа, қызықты кітаптарды оқығысы келеді.

Оқуға тарту мақсатында кітапханада мерейтойлық және айтулы күндерге, сондай-ак уақытша және тұрақты жұмыс істейтін әр түрлі айлықтарға түрлі көрмелер ұйымдастырылады.

2024-2025 оқу жылы.

Кітапкөрмелері: 9

Викторина және басқа үлкен шаралар: 4

Әңгіме: 6

2024 – 2025 оқу жылындағы есеп

№	Көрсеткіштер(Показатели)	
1	Кітаптарсаны(мектепоқулықтарын,көркем әдебиетті,кітапшаларды,журналдықосқанда)	9441
2	Қазақтіліндегікітаптарсаны(барлығы)	8231
3	Оныңішіндегімектепоқулықтары	2318
4	Қазақтілінде	2318
5	Электрондықоқулықтар	118
6	Қазақтілінде	118
7	Негізгіқор	4383
8	Қазақтілінде	3173
9	Есептеншыққансаны(2022)	0
10	Оқырмандарсаны	122
11	Кітапханағаоқырмандарбару саны	425
12	Кітапберусаны(Количество книговыдачи)	1328
13	Кітапханашыларсаны	1
14	Кітапханалықбілімібаркітапханашыларсаны	1
15	Оқузалдарының саны	1
16	Оқузалдарындағыотыратынорынсаны	12
17	Кітапханаауданы(шаршы метр)	69м

2024-2025оқу жылдарында оқулықпен қамтамасыз ету туралы мәлімет

№	Жылдар	Оқулық саны Наклад ной бойынша	сынып	Мектеп бойынша оқушы саны	Тараты лған оқулық тар	Мектептер ден алынған оқулықтар	Мектептер ге берілген оқулықтар	Қоймадағы артық оқулықтар
1	2024	24	5-8	48				

Мектепте 48 оқушы, 20 дана оқулық аудан бойынша алу-беру актісі арқылы алынып,100% толық оқулықтармен қамтылды.

Қорытынды

Жұмыс істеу қажет негізгі проблемалар анықталды:

Дөңгелек үстелдегі әңгімелер,«Интеллектуалды сайыс»,«Үздік оқырман» байқауы арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру;

«Кітапханаға кітап сыйла»,«Буккроссинг» акцияларын өткізу арқылы қорды көркем әдебиетпен толықтыру;

-оқушыларда кітапханалық-библиографиялық сауаттылық негіздерін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;

Мектеп кітапханасының қызметін жарнамалауды белсендірек жүргізу.

Қорытынды:

Әдістемелік бірлестік жұмысы алға қойылған. Әр әдістемелік бірлестігі ашық отырысын ұйымдастырды. Қазіргі кездегі өзекті мәселелер, жаңашыл технологиялармен жұмыс жүргізу, қолдану бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Пән онкүндіктері биылғы оқу жылында әдістемелік бірлестіктер бойынша өткізілді. Онкүндік барысында пән мұғалімдерінің қызметі, оқу үрдісін қйымдастырылуы, оқушылардың белсенділігі, шығармашылық жұмыстарының нәтижелелігі

бақыланды. Кейбір өткізілген сабақтар, сыныптан тыс шаралар мектептің инстаграмм парақшасына салынған жоқ.

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы «Май жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің бағаланатын кезеңдегі барлық бағыттар бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелілігіне терең өзіндік талдау жүргізді. Өзін-өзі бағалау материалдарына сараптама жүргізе отырып, «Май жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің сараптау комиссиясы

1. Оқу - тәрбие процесі мен әдістемелік жұмыс ҚР Білім беру мекемелерінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, мектеп Жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Оқу-тәрбие процесі ҚР МЖМБС және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған;

2. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің МЖМБС талаптары мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес және қолда бар) бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестесінің көшірмелері қоса беріледі);

3. Инвариантты компонент, вариативті компонент және таңдау бойынша курстардың жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрықтарымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер, вариативті компонент пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады;

4. Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталады және оқу жүктемесінің жалпы көлеміне сәйкес келеді

5. Сыныптарды топтарға бөлу талаптарды ескере отырып, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып сақталады;

6. Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың талаптары сақталады (жиынтық жұмыстардың кестелері қоса беріледі)

7. Педагогикалық ұжым тұрақты, білікті. Курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспары бар және іске асырылуда. Педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша үлкен әдістемелік жұмыс жүргізілуде;

8. Тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың рухани адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылады;

9. Вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру сәйкес жүзеге асырылады (бағаланатын кезеңдегі вариативтік компоненттің сабақ кестелерінің көшірмелері, оның ішінде зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі)

10. "Өмір қауіпсіздігі негіздері" және "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курстарын зерделеу нұсқаулық-әдістемелік хаттарға сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізіледі;

11. Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету облыстық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Жаңа буын оқулықтарының түсуі есебінен кітап қорының ұлғаю серпіні байқалады. Оқушылар оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен қамтамасыз етілген;

12. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы орындалады. Медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

13. Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы орындалады. Мектепте асхана, ыстық тамақ дайындауға қажетті жабдықтары бар ас үй, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан білім алушылардың мәртебесін құжатпен растаған және жергілікті бюджет есебінен тегін негізде қамқорлыққа алынған білім алушылардың тамақтануы ұйымдастырылған;

14. Өзінің оқу-материалдық базасының болуы;

15.Сыныптар бойынша оқу мерзіміне, оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының ОАМ бұйрықтарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығының барлық өлшемдері бойынша мектептің 2024-2025 оқу жылындағы жұмысын талдағаннан кейін, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының негізінде білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына қосымшаларға сәйкес мектептің жұмысын бағалады, «жақсы» бағасына бағаланды, білім беру ұйымының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары, вариативті компонент пен үйірме жұмысын ескере отырып, негізгі орта және жалпы орта білім толығымен орындалады.

Өзін-өзі бағалау қорытындысын комиссия 2025 жылғы 30 сәуірдегі жоспардан тыс педагогикалық кеңестің отырысында қарады және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілді. Өзін-өзі бағалау қорытындысы қамқоршылық кеңестің отырысында, басшының өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы баяндамасында қаралды.

Комиссия төрайымы:

Егинбаева С.К.
(Т.А.Ә)


(қолы)

Комиссия мүшелері:

Кайсина А.М.
(Т.А.Ә)


(қолы)

Темешова А.С.
(Т.А.Ә)


(қолы)

Алибаева Ж.А.
(Т.А.Ә)


(қолы)

Абаилденова Ш.К.
(Т.А.Ә)


(қолы)

Рустемова Д.М.
(Т.А.Ә)


(қолы)

Тогимова А.К.
(Т.А.Ә)


(қолы)